



Автор: Сактаганова Перуза Куатбаевна

Пән: Әдебиеттік оқу

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Адами құндылықтар

Тақырып: Адами асыл қасиеттер

Сабақ барысы	4.1.5.1 Өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру 4.3.4.1 Мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше сын тұрғысынан бағалау және лексикалық, орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып түзету
--------------	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақ барысы</p>	<p>Пән: Әдебиеттік оқу Мектеп: Күні: Мұғалімнің аты-жөні: Сақтағанова Перуза Қуатбаевна Сынып: 4-сынып Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны: Сабақ тақырыбы Адами асыл қасиеттер Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) 4.1.5.1 Өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру 4.3.4.1 Мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше сын тұрғысынан бағалау және лексикалық, орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып түзету Сабақ мақсаттары Барлық оқушылар: Өз ойын, сезімін салыстыра алады. Әр өлең мазмұнын өмірмен байланыстыра алады. Көптеген оқушылар: Орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып, түзете алады. Кейбір оқушылар: Өлеңдер ішіндегі сөздерден «Құндылықтар» сөзіне ассоциация құрастыра алады. Жетістік критерийлері Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен мәтіндегі негізгі ойды анықтай алады. Берілген тақырып бойынша өз көзқарасын білдіріп, ой қорыту жасай алады. Оқу мақсатына сәйкес дауыстап, түсініп, іштей, мәнерлеп, сын тұрғысынан бағалап, көз жүгіртіп оқу дағдылары жетілдіріледі. Құндылықтарды дарыту Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. Пәнаралық байланыстар Сабақ барысында жаттығуларды орындау, сын есімді анықтауға арналған әдебиеттік оқу пәннен алған білімдерін пайдаланады. АКТ қолдану дағдылары Бастапқы білім Адами құндылықтарды ажырата алады, оларға түсініктеме бере алады. Сабақтың барысы Сабақтың жоспарланған кезеңдері Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет Ресурстар Сабақтың басы Сергіту жаттығуы «Кездесу» ойыны Жай әуенмен екі шеңбер болып қарама –қарсы айналады, әуен тоқтаған кезде бір-біріне қарап, баланың қасиетін айтады. Жұмыс ережесін келісу Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке, жұпта, топта, ұжымда) Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау «Ойыңмен бөліс» айдары (Т) «Ойқозғау» әдісі бойынша жаңа сабаққа көпірше жасауға болады. – Сен үшін қымбаткімдер, нелер? – Саған не қиын? Дескриптор: Өз ойларын түсіндіріп айтады. ҚБ: дұрыс жауап берген оқушыларды мадақтау. Сабақтың мақсатын айқындау. Сабақтың тақырыбы мен күтілетін нәтижені хабарлау. Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер. Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары Сабақтың ортасы Мұғалім: Оқушылар осындай сұрақтарға біздің алқалы билеріміздің бірі Қазыбек би өз жауаптарын бізге қазына ретінде қалдырыпты. Қазыбек би туралы естудерің бар ма? (Оқушы жауаптарын тыңдап, толықтыру) Қазыбек би Келдібекұлы (1667 – 1764) – мемлекет басқару ісіне белсене араласқан. Орта жүздің атақты биі. Жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресті ұйымдастырушылардың бірі. Жоңғарлар қолына түсіп қалған Абылайханды тұтқыннан босатып алған. Ел ішінде оны Қаздауысты Қазыбек би атап кеткен. «Түсініп оқы» айдары. «Не қымбат?», «Не қиын?» өлеңдері (Т) Өлең мазмұнына сәйкес суретті сипаттау «Көрме» әдісі бойынша жүргізіледі. Әр топ өздеріне берілген өлең мазмұнына сай постер құрастырады. Ол сурет немесе тірексызбаның көрінісінде болуы мүмкін. Осы бойынша көрші топ көрме барысында өзгетоптың өлеңінің мазмұнын қаншалықты түсінгенін баяндайды. Содан кейін әр топ өздеріне берілген өлеңді мәнерлеп оқып, мағынасын ашады. Дескриптор: Оқушылар көрші топтың өлең мазмұнын айтып береді. Барлық айдарлар кезегімен келмейді. Себебі сабақ топтастырылып өтеді. (Т) «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы әр топ өз өлеңдеріне байланысты сұрақтарға жауап беру Дескриптор: Сұрақтарға өлең мазмұны бойынша дұрыс жауап беру ҚБ: ұтымды жауап иесін мадақтау. ТЖ «Не қымбат?» өлеңі бойынша жұмыс істейді. 1. Қазыбек бидің «Не қымбат?» деген ойын өз тұжырымдарымен салыстыр. 2. Өлең мазмұны бойынша берілген сөздерден өлең құрастыру. Дескриптор: Балалар өз беттерінше берілген сызба бойынша өлең құрастырады. ҚБ: мағыналы өлең құрастырған оқушыны мадақтау «Ойыңмен бөліс» айдары Бұл айдармен барлық топ жұмыс істеп, жауабын стикерге жазып, сабақ соңында өткізіп, уақытты үнемдеуге болады. – Өз бетіңмен қиындықты жеңу дегенді қалай түсінесің? Өлеңді қайталау әдісімен еске түсіру. Ақын өлеңде бір нәрсені, құбылысты бірнеше рет қайталап, сөз әсерін күшейте түседі. Бұл – өлеңдегі қайталау әдісі. Дескриптор: Қазыбек би өлеңдеріндегі қайталау сөздерді тауып оқиды (Мысалы, «қиын» сөзі барлық жолда қайталанатын). ҚБ: дұрыс жауап берген оқушыларды мадақтау. Түсініп оқы Әйтеке шешен Әйтеке би (1667– 1700) – қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үшбидің бірі. Қазақ елінің бірлікте, тату өмір сүруінің қамын ойлаған қамқоршы, кеңесші би болды. Әйтеке бидің кесенесі Ташкенттен 75 шақырым жердегі Қауыншы және Шыназ ауылдарының маңында. «Жаңасөздер сандығы» Орманбет би – Орта жүздің биі «Егіне түсіп» айдары - 3-сыныпта оқыған Әйтеке билін</p>	
---------------------	---	--